

Тәуелсіздік күнімен!

Еуразия гуманитарлық институтының газеті



ЖАС Урпақ

№ 04 (66), 2016 ж. желтоқсан



ТӘУЕЛСІЗДІК – КИЕЛІ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қазақстан халқы үшін Тәуелсіздік – кез келген халықтың қолы жете бермейтін ең қасиетті құндылық. Тәуелсіз ел ғана өз мемлекеттілігін нық орнықтырып, ұлттың рухын асқақтата алады.

Тәуелсіздік – бұл азап пен төзімнің, халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған шыдамының өтеуі. Тәуелсіз елдің ең басты тұғыры – қоғамның, сол мемлекеттегі жергілікті ұлттың рухы, жігері, қоғамдық санасы емес пе?

Сан ғасырлық отандық тарихымыздың қайнар бастауында әрдайым Тәуелсіздік деген қасиетті ұғымның шоқтығы биік тұратыны белгілі. Тарихқа зер сала үнілсек, Қазақ елінің азаттығы үшін арпалысқан ұлы тұлғалардың бар арман-мақсаты – ұлттық мемлекетімізді құру болғанын көреміз. Тіпті, сонау көне дәуірдегі ел бірлігін ойлаған көк түріктің даңқты қолбасшысы Білге қағанның «Түркі халқы үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Жаланах халықты киімді, жарлы халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым» деген өз өсиетін мәңгілік тасқа қашатып қалдыруы тегін болмаса керек. Ал одан бергі тарихымыздағы Алаш арыстарының аңсаған арманы, көздеген мақсаты тағы да осы тәуелсіз Қазақ мемлекетін құру болды емес пе? Қысқасы, киелі тәуелсіздік ұғымы неше ықпал заманалар өтсе де ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, Білге қағанның өсиеті болып тасқа түсіп, батырлық жыр-дастандар, сондай-ақ алдаспан ақынымыз Махамбеттің отты өлеңдері болып өрілді, Әлихан, Ахмет, Міржақыптың хаттары болып тарихқа қатталды. Тәуелсіздік – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында алаңға шыққан жастардың ерік-жігері, ең алдымен, барша қазақстандықтардың арман-мұратының салтанат құруы.

Тәуелсіздік деген – жалпы дүниеде теңдесі жоқ төтті сөз. Бірақ оның оңайлықпен келмейтіні түсінікті. Тек XX ғасырдың 90-шы жылдары ғана



әлемдегі алып империяның бірі – Кеңес Одағы ыдырап тараған тұста, тұлғаш Президентіміз Н. Назарбаевтың басшылығымен Қазақстан тәуелсіздікке ие болды.

Қазір тәуелсіз Қазақстан әлем танып, мойындаған саяси-экономикалық даму қуаты күшті іргелі мемлекетке айналды. Сондай-ақ ел игілігіне, мемлекеттігімізді нығайтуға қатысты қыруар келелі істер атқарылуда. Ең бастысы, қазақ даласының төрінде тәуелсіздіктің нышанындай болып елордасы – Астана қаласы бой түзеді. Астана қаласы жаңа ғасырдағы жаңғырған Қазақстанның, тәуелсіз мемлекетіміздің жасампаздық істерінің жарқын белгісіндей болып тарихта мәңгілікке қала бермек.

Ал енді осы тәуелсіздік алуымызбен бірге бүгінде әлемдік нарыққа экономикамыз қайта құрылып, жаңарған Қазақстанның жаңа өмір кезеңдері, тіпті керек десеніз, жаңа тарихы жасалып жатқанын ашық айтуымыз керек.

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бүгінгі күдіретті күші ел бірлігінде, ұлттар татулығында жатыр. Қазақстан халықаралық қауымдастыққа маңызды өрі құрметті мүше болды. Қазақстанның даму моделі аймақтағы ең сәтті әдіс ретінде посткеңестік кеңістікте танылды. Елде тыныштық пен бейбітшілік салта-

нат құрып, көп ұлтты және көп конфессиялы қоғамды шашуа шығармай мемлекеттілікті сақтап тұру деген үлкен жетістік.

Сан түрлі кедергілер мен ауыр сындарға қарамастан, ел тәуелсіздігінің әрбір қадамы қай кезде де біздің жүрегімізді айрықша толқынысқа бөлейді, кеудемізді мақтанш кернейді. Осы шынайы сезімді өзінің туған Отанының патриоты мен оның еркін азаматы ғана сезіне алады. Қазақстан үшін жиырма бірінші ғасыр тарихының парағы парасат пен пайымға толы. Ең бастысы, Мемлекет басшысы нақтылаған «Қазақстан - 2030» стратегиясының мақсаттары мен міндеттерін ойдағыдай жүзеге асырды. Ата заңымыздың арқасында еліміз либералды демократиялық даму жолына түсті. Сонымен қатар, ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылыққа негізделген сенімнің биік деңгейі сақталып отыр.

Қазір мемлекетіміздің басты ұстанымы азаттықтың мән-мағынасын нақты іспен толықтырып, бекіте түсу. Әлемдік экономикалық дағдарысқа қарамастан елдің әлеуметтік дамуында ілгерілеу бар. Біз – өнеркәсіптің негізгі көрсеткіштерінің даму қарқынын сақтай алдық. Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын қабылдау негізінде газ-мұнай өңдеу саласындағы жағдай жақсара түсуде. Ауылшаруашылығы

мен металлургия салалары тұрақты дамып келеді.

2012 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауы еліміздің жасампаздық жолын жалғастырудың басым бағыттарын айқындап берді. Қуатты да табысты мемлекет құрудағы түрлі әлеуметтік, этностық және діни топтардың келісімі мен татулығы, ұлттық экономика, ядролық қаруды таратпау, жаңа кадр саясаты, бюджет, салық, ақша-кредит, тағы да басқа басым бағыттар нақтыланған болатын. Тұңғыш рет «Мәңгілік ел» идеясы ұсынылды. Елбасы елімізді дамыған 30 елдің қатарына қосу бастамасын көтерді. Ендігі жерде еліміз жұрт болып жұмылып, ұлт болып ұйып, халық болып топтасып, осы міндетті іске асыру үшін еңбек ету жолында.

«Сөздің ең ұлысы – тарих» деген еді ұлт ұстазы кемеңгер Ахмет Байтұрсынұлы. Ал Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының «Өз тарихын сыйламаған – өзін де сыйламайды» деген сөзі бар. Осы ретте, өткен күндерге көз жүгірте отырып, қандай белестерден өткенімізді көріп, оның құндылығын, мәнін терең сезіне түсеміз. Сайып келгенде жоғарыда айтылған ой-толғамдардың, дербес мемлекет болып шаңырақ көтеріп, егемен ел ретіндегі өркендеудің бастауы ел Тәуелсіздігі деген қасиетті ұғымға келіп тірелетіні анық.

Тәуелсіздік – ол ұлттық мемлекеттілік, оның тамыры – жасампаздық рух, ұраны – ел мен халық. Олай болса, өміршеңдік пен кемелділік аясында өмір сүріп, бейбітшілік, татулық туын биікке көтерген Қазақстан халқы жаңа әлемнің жасампаздығына, жақсылықтарына ұмтыла бермек.

Қ.Ә. Ахметов
ЕАГИ-дің оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор

СТУДЕНТТІК ӨМІР ТЫНЫСЫ

ҚАЗАН

6 қазанда Еуразия гуманитарлық институтында «Қаржыгер» ғылыми студенттік клубының тұсаукесері өтті.

13 қазанда әлеуметтік ғылымдар магистрі, аға оқытушы А.Т. Аязбаева ППСК-4-3, 4-4 топтарының студенттерімен Астана қаласының «Көмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына» барып, өздерінің сабақ барысында алған білімдерін қолданып, теориялық және практикалық тәжірибелерімен бөлісті.

21 қазанда «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру аясында Бірінші Президент кітапханасының қолдауымен Оқушылар сарайында өткен «Брейн-ринг» интеллектуалдық ойынына құрамы бес адамнан тұратын Еуразия гуманитарлық институтының командасы қатысты. Бұл іс-шараны Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің жетекшісі Р. Тұңғышбаев ұйымдастырды.

27-28 қазанда Еуразия гуманитарлық институтында «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз. Біз есірткіге қарсымыз. Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» ұранымен баскетбол және шахмат бойынша турнир өтті. Спорттық іс-шара Астана қаласы Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментімен және Астана қаласы ПД-нің есірткімен күрес бойынша басқармасымен бірге өткізілді.

28 қазанда «Оқытылатын тілдің әдебиеті» және «Англияның ұлы ақындары» пәндері аясында шетел тілдері кафедрасының оқытушылары С.А. Долдинова және У.К. Байтұрғанов жетекшілігімен ПД-14-01, ПД-14-02 және ИЯ-15-02 топтарының студенттері тақырыптық кеш өткізді.

ҚАРАША

2 қарашада «Жастар» сарайының концерт залында Еуразия гуманитарлық институтының бірінші курс студенттерін салтанатты түрде студенттер қатарына қабылдау рәсімі өтті.

11 қарашада Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған іс-шаралар аясында Еуразия гуманитарлық институтының конференц-залында ППК-16-01, ППК-15-02, ППК-15-01, ППК-14-01, ПМНОК-16-01, ПМНОК-15-01, ПМНОК-14-01 топтарының кураторлары мен студенттері «Анаға апарар жол» тарихи драмасын көрді. Фильмнің көрсетілімінің алдында инклюзивтік білім беруді қолдау бойынша психологиялық-педагогикалық қызмет көрсету жетекшісі А.Т. Аязбаева сөз сөйледі.

14 қарашада Еуразия гуманитарлық институтына Түркия мемлекетіндегі Карабюк университетінен PhD доктор, қауымдастырылған профессор Энвер Капаған институт студенттеріне дәріс оқу үшін келді.

15 қарашада экономикалық және математикалық пәндер кафедрасының студенттері Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы күніне арналған іс-шара өткізді.

16 қарашада Астана қаласының «Жұмыспен қамту орталығы» өкілдері біздің институтымызда бітіруші курс студенттерімен кездесу өткізді.

28 қарашада «Тілеп қобыз сарайында» «Астана» радиосы Тұңғыш Президент күні мен Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орайластырылған «Мен қазақпын!» ақпараттық-танымдық бағдарламасының 10 жылдығы аясында «Мәңгілік ел – ұлт мұраты» атты мерекелік шара өткізді. Шара аясында тәуелсіздік шежіресін дәріптейтін үздік хабарлар топтамасы ұсынылған «Мәңгілік ел – ұлт мұраты» атты дискінің таныстырылымына институтымыздың атынан «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3-курс студенттері қатысып, өз ойларымен бөлісті.

28 қараша күні Еуразия гуманитарлық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс студенттері мен қазақ және орыс филологиясы кафедрасының оқытушылары п.ғ.к., доцент Р.А. Қазина, п.ғ.м., аға оқытушы С.Ж. Омарова, п.ғ.м., аға оқытушы Г.С. Райнбекова Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және ТМД-ның құрылуының 25 жылдығына арналған мерекелік шараға қатысты.

соңы 2-бетте

НАУЧНЫЕ ДОСТИЖЕНИЯ СТУДЕНТОВ

Поздравляем студентов Евразийского гуманитарного института с победой в конкурсе научно-исследовательских работ!

Студенты Евразийского гуманитарного института участвовали в конкурсе научно-исследовательских работ студентов республиканских высших учебных заведений, организованном Министерством образования и науки Республики Казахстан. Домой они вернулись с заветными наградами.

Дипломом II степени награждены:

Сагира Тулешева – студент специальности «Иностранный язык: два иностранных языка». Научные руководители: доцент А.У. Ильясова, старший преподаватель А.Б. Берлібай.

Айым Иманғалиева – студент специальности «Педагогика и психология». Научный руководитель: старший преподаватель Ж.И. Пахрудинова.

Диплома III степени удостоены:

Нургул Шағил – студент специаль-

ности «История». Научный руководитель: к.и.н., профессор А.Ж. Аманбаев;

Жадыра Салменова – студент специальности «Казахский язык и литература». Научный руководитель: к.п.н., доцент А.Б. Шормакова;

Нурбол Баширов – студент специальности «Казахский язык и литература». Научный руководитель: к.ф.н., доцент К.М. Байтанасова;

Айдана Бейсембенова – студент специальности «Педагогика и психология». Научный руководитель: старший преподаватель И.А. Тобагабылова;

Мейрамгул Батырханова – студент специальности «Педагогика и психология». Научный руководитель: старший преподаватель М.К. Тойшыбекова;

Мадина Аймағамбетова – студент специальности «Педагогика и психология». Научный руководитель: старший преподаватель М.К. Тойшыбекова.



ТӘУЕЛСІЗДІККЕ - 25 ЖЫЛ

Тәуелсіздікке жету оңай жолмен келген жоқ, ол бәрімізге мөлім. Бұл қазақ халқының ғасырлар бойы көздеген арман-мұраттарының орындалуы. Тәуелсіз мемлекетке айналу бізге үлкен серпіліс, күш берді. Тарихи күш десе де болады. Біздің өз еркімізбен алға ұмтылуымызға, мемлекет болып өркендеуімізге жол ашылды.

Тәуелсіздік жолында құрбан болғандардың арман-тілектері орындалып, 1991 жылы Қазақ елі өз тәуелсіздігіне қол жеткізді. Тәуелсіз мемлекет бола салысымен, көптеген шұғыл мәселелер шешілді. Неше түрлі ауырпапшылық әкелген Семей полигоны жабылды, Арал теңізі мәселесі күн тәртібіне қойылды, тарихи мұра, мәдениетіміз, қазақ тілі қайта жаңғыртылды, табиғи байлығымызды өз иелігімізге қайтара алдық. Қазақстан ұлтаралық және конфессияаралық қоғам құрудың тиімді жолын

калыптастырды. Біздің республика этносаралық жанжалдарды қазір де, болашақта да болдырмауға болатынын бүкіл әлемге сенімді түрде дәлелдеді. Ұлтаралық түсіністіктің қазақстандық моделі қалыптасып, нәтижелі жұмыс істеп келеді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін дербес мемлекет ретінде халықаралық аренаға шықты. 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ-ға кірді. Сонымен қоса Халықаралық валюта қорына, Халықаралық реконструкция және даму банкіне, Дүниежүзілік банктің, Халықаралық даму ассоциациясының, Инвестицияға кепілдік беретін көп жақты агенттіктің, Инвестициялық таластарды шешу жөніндегі халықаралық орталықтың, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болды. Қазақстан үшін алдағы уақытта серпінді даму үдерісі басталды. Көптеген халықаралық келісімдер мен

мемлекеттік маңызы жоғары заң құжаттарына қол қойылды.

2006 жылғы Жолдау Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру Стратегиясына арналды. 2008 жылы Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан халқының әлауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты жолдауы республиканың әлеуметтік даму бағыттарында бірқатар мақсаттарды айқындады. Қазақстандық білім жүйесін және еңбек талаптарын әлемдік стандарттарға сәйкестендіру үрдісі қарқынды түрде күшейе түсті. 2010 жыл Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуімен басталды. Мемлекет басшысы ЕҚЫҰ қызметіне қатысты негізгі ұстанымдарды баяндады.

Елбасының «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауының тарихи маңызы ерекше. Елбасы өз Жол-

дауында «Мәңгілік ел» болып қалу үшін бүгінгі заманға сай не істеу керектігін нақтылап айқындады. «Мәңгілік ел» идеясының негізгі мақсаты – елімізді қарышты дамыған мемлекетке айналдыруда ұлттық мүддені, рухани дүниені жаңғыртуды және өзіміздің қазақ ұлтының мерейін асыруға, қалыптасқан тарихи үрдістерін жаңғыртуға арналған құжат деп білуге болады.

Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Қазір біз болашағымызға сеніммен қарайтын, зайырлы, өркениетті, индустриалдық жаңғырту жолында жоғарғы қарқынмен дамып келе жатқан мемлекетпіз.

Біз елімізді мақтан тұтып, тәуелсіздікті келер ұрпаққа дәріптеп, сақтай білуіміз қажет!

Томирис Асылбекова,
ИК-14-01 тобының студенті



EXPO-2017: С НАДЕЖДОЙ В БУДУЩЕЕ

Весь Казахстан живет в ожидании всемирной выставки EXPO-2017, которая пройдет в Астане летом.

Какие надежды мы возлагаем на данное событие? Как это отразится на будущем всей страны, а также и на жизни каждого из нас?

Во-первых, для Казахстана - это масштабная PR-компания. Весь мир будет не только с интересом пристально наблюдать за всеми научными открытиями, предлагаемыми выставкой, но и увидит насколько высок инновационный потенциал нашей страны.


Во-вторых, инвестиции, то есть финансовые вложения крупных компаний и бизнесменов с немалым капиталом, что даст дополнительные возможности для развития республики во всех направлениях.

В-третьих, развитие туризма в нашей стране, что позволит многим людям со всего мира лучше узнать о Казахстане, а заодно и пополнить казну страны.

В-четвертых, очень важным аспектом выставки EXPO-2017, по моему мнению, является её мотивационная концепция. Именно прогрессивное развитие страны формирует мотивацию молодежи для саморазвития, укрепляет желание осваивать и продвигать науку. Образованная эрудированная молодежь - это га-

рантия успешного будущего нашей страны!

В преддверии EXPO-2017 Казахстан отметил 25-летие Независимости. Евразийский гуманитарный институт провел целую серию мероприятий, посвященных этой дате. Одним из



них стала образовательная викторина, организованная кафедрой педагогики. Под руководством доктора психологических наук, профессора Татьяны Анатольевны Абдрашитовой и старшего преподавателя Иристы Амзеевны Тобагабыловой студенты казахского и русского отделения третьего курса специальности

«Педагогика и психология» прошли через шесть туров увлекательного соревнования. Каждый тур оценивался компетентным жюри во главе с кандидатом исторических наук Маржаной Махметовой Джанпейсовой.

Самым главным результатом викторины стало то, что мы смогли еще раз осознать, какой огромный путь прошел Казахстан за 25 лет, чтобы встать на один уровень с развитыми государствами на политическом олимпе. Реализация цели по вхождению Казахстана в число самых высокоразвитых и влиятельных государств находится в руках современного поколения – в наших руках!

Стоит задуматься, что вот уже совсем скоро в республике пройдет всемирная выставка под эгидой темы «Энергия будущего». Но каждому из нас всегда нужно помнить нелегкую судьбу нашего народа, чтить память о тех, кому пришлось пожертвовать своими жизнями ради будущего. И мы не имеем право опускать руки и давать волю лени и эгоизму!

Ерлан Әбдіғалиев,
студент группы ППК-14-01

ЖЫР ЖИНАҒЫ

Еуразия гуманитарлық институты басшылығы және қазақ және орыс филологиясы кафедрасы жанынан құрылған «Аққу» әдеби-шығармашылығы бірлестігі ұзақ жылдар бойы студент-жастардың шығармашылығын дамытуға ұдайы қолдау көрсетіп келеді. Бұған дейін біздің ақын-студенттеріміздің «Аққу», «Жас дәурен», «Көңіл гүлі», «Тәуелсіздік толқыны» атты өлеңдер жинағы жыр сүйер қауымның ыстық лебізіне бөленген еді. Биыл, міне, «Еркіндік қыраны» атты тағы бір сүйкімді кітап Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы құрметіне ойлы оқырмандарға жол тартып отыр.

Белгілі әдебиеттанушы, ф.ғ.д., профессор Р.С. Тұрысбек жастар поэзиясына: «Адам өмірінің қызық кезеңі, қимас сәті - студенттік шақ екені анық. Осы орайда, студенттер шығармашылығымен танысқан тұста басты байқалатын жайт – азаттық идеясы мен тәуелсіздік толғауы туралы ойлар мен толғаныстарға кең орын берілгеніне көз жетеді. Жинаққа енген өлең-жырлар, арнау мен тақырыптық туындыларда жастық жалын, арман-ансарлар, сыр-сезімнің айшықты-нақышты үлгі-өрнектеріне көптеп кезігеміз. Жас қаламгерлер ел-жер, тарих пен таным, дала мен қала туралы еркін ойлап, жан-жүректерімен сезініп, көңіл толқындарын боямасыз нөм кедергісіз, жүйелі жеткізеді. Өмірге құштарлық, өнерге іңкәрлік сыйды сағынышқа толы сыр-сезімге суарылған жүрек жазбалары мейірім шуағымен, тебіреністі-тербелісті толқындарымен көңілді баурайды. Әрбір тақырып, ондағы көкейкесті мәселелер қалам қуаты, жан-жүрек арқылы өрісті өрнек алады. Өлең техникасын еркін меңгеріп, ойнақы, жеңіл жеткізетіндері байқалады», - деп, өзінің тілек-пікірін білдірді. Жинаққа ЕАГИ түлектері мен студенттерінің – барлығы 22 автордың 130-дай өлеңі енгізілді.

Г. Райнбекова,
ғылым магистрі, аға оқытушы

ЛИДЕР СРЕДНЕАЗИАТСКИХ СТРАН

В этом году Республика Казахстан отмечает 25 лет со дня провозглашения Независимости.

За прошедшие годы страна достигла больших успехов в развитии всех сфер общественной жизни: в политике, экономике, образовании, культуре и многих других сфер жизни. Современные успехи страны – это наследие предков, оставленное будущему поколению; это надежная основа построения сильного, независимого и динамично развивающегося Казахстана в XXI веке. На сегодняшний день Казахстан является лидером Центрально-азиатского региона. Заметных успехов в экономике Казахстана добился благодаря перестройке экономической системы и проведению политических реформ, которые заметно повысили авторитет страны на международной арене.

За этот период свыше 120 стран официально признали и установили дипломатические отношения с Казахстаном. Казахстан является полноправным и активным членом ООН, а также укрепляет сотрудничество с наиболее влиятельными международными организациями, такими как: Евросоюз, Европейский Банк Реконструкции и Развития, Международный Валютный Фонд, МАГАТЭ, Красный Крест, ЮНИСЕФ и ЮНЕСКО.

Казахстан не смог бы развиваться вне демократических преобразований. Многие шаги и решения для приобретения независимости Казахстаном уже были предприняты и предусмотрены, осталось только придать всему этому юридический характер, закрепив при этом независимость страны не в декларативной, а в реальной форме. Эта задача была реализована принятием Конституционного закона «О государственной независимости Республики Казахстан» от 16 декабря 1991 года.

Конституционный закон объявил Казахстан независимым, демократическим и правовым государством, обладающим всей полнотой власти на своей территории. Конституционный закон, подтверждая право казахской нации на самоопределение, единственным источником государственной власти в республике признал «единный народ Казахстана». Его вместе с казахской нацией составляют граждане республики всех национальностей, объединенные с ней общностью исторической судьбы, одними надеждами и переживаниями. И всё это сделано благодаря Лидеру нации Н.А. Назарбаеву и сплоченности народа Казахстана. Развитие Республики Казахстан определяет-

ся главными целями государственной деятельности. Основные достижения и цели озвучиваются в ежегодном Послании Президента народу Казахстана.

У казахского народа путь к независимости и свободе был тернистым и долгим. Много веков понадобилось нашим предкам, чтобы освободить и защитить казахскую землю от врагов и передать её в наследство нам, ныне живущим. И в этой связи, безусловно, самым светлым и высоким праздником для нашего государства считается День Независимости!

Свободный Казахстан
Волен и просторен.
В нем сплоченные народы,
Каждый стоит миллионы
Золотых камней и изумрудов,
Свет которых слепит взоры.
Во мраке тьмы и страха,
Служит единство точкой опоры
Против зла и лжи, с которыми
Нет сил бороться в одиночку.
Есть теория одна,
Что независимая страна,
Несокрушима и бесстрашна.
Она тогда, как стая птиц,
Свободна ивольна,
Единая и непобедима.
Ведь друг для друга мы всегда,
Как будто крепкая семья!!!

Назарбай Саттаров,
студент группы ЮР-14-01

басы 1-бетте

СТУДЕНТТІК ӨМІР ТЫНЫСЫ

29 қарашада «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс студенттері п.ғ.к., доцент Р.А. Казинаның жетекшілігімен бірегей және жан-жақты адам, халық жазушысы мен ақыны, әдебиеттанушы, қоғамдық және саяси қайраткер, дипломат Олжас Омарұлы Сүлейменовтің 80 жылдығы мен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Мы за мир!» атты әдеби-музыкалық композиция түріндегі есептік іс-шара өткізді.

30 қарашада Еуразия гуманитарлық институтында Тұңғыш Президент күніне және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған салтанатты іс-шара өтті.

Үстіміздегі жылдың қараша айында Еуразия гуманитарлық институтында «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы студенттерінің қатысуымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» атты семинар өтті. Семинар барысында ер топ кураторлары баяндама жасап, студенттер жемқорлықтың салдары туралы пікір алысты. Қоғамдағы жемқорлыққа жолықпаудың амалдары жөнінде ой бөлісті.

ЖЕЛТОҚСАН

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына және I желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы күніне орай өткен республикалық Жастар форумына институтымыздың Жастар ісі жөніндегі төрайымы Нұрғұл Тырнаханқызы қатысты.

5 желтоқсанда ЕАГИ-дің конференц-залында 2017 жылы бітіруші студенттер мен Назарбаев университеті өкілдерінің кездесуі өтті.

9 желтоқсанда Президент Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған Қазақстан халқы ассамблеясының «Бейбітшілік пен Келісімнің 25 жылдығы» атты фестивалі өтті. Оған ЕАГИ-ден студенттер мен топ кураторлары қатысты.

12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына тарту ретінде Еуразия гуманитарлық институты «Аққу» әдеби-шығармашылығы бірлестігінің «Еркіндік қыраны» атты өлеңдер жинағы шықты.

Айым Дәуіт,
ҚТӨ-15-01 тобының студенті,
студенттік баспа орталығының жетекшісі



«МЫ – ЗА МИР!»

В этом году свой 80-летний юбилей отметил поистине народный писатель и поэт, литературовед, общественный и политический деятель, дипломат Олжас Омарович Сулейменов.

В 1989 году он стал инициатором и лидером народного движения «Невада – Семипалатинск», целью которого было закрытие в Казахстане ядерного полигона и других ядерных полигонов мира. Его имя давно стало символом крепкой и гражданской позиции, а его личность является частичкой истории народа, его национальной гордостью.

Будучи казахом, он пишет на русском языке, оставаясь, несомненно, поэтом казахским, который искренне любит свой народ, свою страну. Он также предан и всему человечеству, он – большой патриот Земли.

По этому поводу студенты II курса специальности «Казахский язык и литература» провели зачетное мероприятие в форме литературно-музыкальной композиции «Мы за мир!», приурочив его 25-летию Независимости Республики Казахстан.

Зрители получили полное представление о том, что творчество Олжаса Сулейменова всегда затрагивало вечные ценности, такие как добро и зло, любовь и уважение, мир и сотрудничество. Кроме того, поэт в своем творчестве остро обозначил проблемы экологии.

Кайнар Медетбеков,
студент группы КЯЛ-15-01

МЕН - ҚАЗАҚПЫН!

28 қарашасында «Тілеп қобыз сарайында» «Астана» радиосы Тұңғыш Президент күні мен Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орайластырылған «Мен қазақпын!» ақпараттық-танымдық бағдарламасының 10 жылдығы аясында «Мәңгілік ел – ұлт мұраты» атты мерекелік шара өтіп, институтымыздың атынан «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3-курс студенттері қатысты.

«Мен қазақпын!» бағдарламасының шығармашылық ұжымы 2010 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хаты мен 2006 жылы «Шабит» республикалық байқауының бас жүлдесі және басқа да марапаттарға ие болған.

Дүйсенбі мен жұма күндері аралығында бес түрлі тақырып аясында эфирге шығатын «Мен қазақпын!» бағдарламасының авторы және жетекшісі, «Ақпарат саласының үздігі» Базаргүл Сейітжанқызы Үмбетоважастарды отаншылдық бағытта тәрбиелеп, ұлттық руханияттың дамуына үлес қосып келеді.

Шара аясында тәуелсіздік шежіресін дәріптейтін үздік хабарлар топтамасы ұсынылған «Мәңгілік ел – ұлт мұраты» атты дискінің таныстырылымы өтті. Оған мемлекет және қоғам қайраткерлері, депутаттар, зиялы қауым өкілдері мен журналистер қатысты. «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттері болашақ мамандығына септігін тигізер мол мағлұматтарға иеленіп, өз ойларымен бөлісті.

Набат Қуанова,
ҚТӨ-14-02 тобының студенті

Ректору Евразийского гуманитарного института
А.К. Кусаинову
от и.о. ректора Омского педагогического института
Г.В. Косьякова

Уважаемый Амангелды Кусаинович!

Поздравляем Вас и весь коллектив Вашего института с главным государственным праздником – Днем Независимости Республики Казахстан! За прошедшие годы Казахстан добился впечатляющих результатов в экономике и социальной сфере, в возрождении национальной культуры. Стабильность и общественное согласие, ответственный внешнеполитический курс стали надежной основой для роста авторитета страны на международной арене. Последовательные преобразования в Казахстане оказывают позитивное влияние и на высокую динамику российско-казахстанских отношений, опирающихся на прочные традиции дружбы и добрососедства народов наших стран. Успешно реализуются совместные масштабные проекты в самых различных областях – от сотрудничества в ключевых отраслях экономики до широких культурно-гуманитарных обменов.

Пользуясь случаем, хочу заверить Вас в готовности и далее содействовать всестороннему развитию сотрудничества между нашими вузами. От всей души желаю Вам реализации смелых проектов, новых идей, радости, счастья, мира и благополучия.



Г.В. Косьяков

ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

Казан айының 25 жылдығында мемлекеттік және құқықтық пәндер кафедрасында Астана қаласының Жер қатынастары және жердің пайдаланылуы мен қорғалуы бақылау басқармасы басшысының орынбасары Бектемір Шыңғыстың қатысуымен «Астананың бүгінгі мен болашағы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Кездесуге «Құқықтану мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттер мен ұстаздар қатысты.

Кезінде аумағы 25 мың гектар жерді алып жатқан Ақмола қаласының бүгінгі аумағы үш есеге жуық ұлғайған. Астананың бас қалаға айналуындағы өткен жолы сөз болды. Арқа төріндегі күннен-күнге айбаттанып, сұлуланып келе жатқан қаламыздың дамуына үлес қосып келе жатқан мекеменің маманы болашақ жоспарлар туралы мәлімет берді.

Қаламыздың Байтерек, Хан Шатыр, Ақ Орда, Бейбітшілік және келісім сарайы, Мәңгілік

ел монументі, ЕХРО – 2017 кешені т.б. сынды айшықты орындары ерекшеліктері мен орналасуындағы заңдылықтарға тоқталды. Қала ішіндегі жерге орналастырудың өзекті мәселелері туралы қызықты деректер берді.

Қаланың ішіндегі жолдарға, аяқталуға жақындаған айналма жолдың маңызы, жаңа LRT жеңіл рельсеті жолының, жаңа темір жол вокзалы мен аэропорттың қажеттілігі мен мүмкіндігі туралы қызықты ойлар айтылды.

Қаланың бір ерекшелігі, оның құрылыстарының жер бедеріне, су айдындары мен табиғи ортаға үйлестіріле салынуында екендігі атап көрсетілді. Астананың жалпы белдеуінің, саябақтарының, гүлзарларының, көгалдандырылуының ерекшеліктері мен қарқыны туралы мәселе де тыс қалған жоқ. Слайдтармен, қызықты мәліметтермен көмкерілген екі сағаттық өңгіменің қалай өткені де байқалмады. Дөңгелек үстелге қатысушылар да олардың ашық айтып, сұрақтарға жауаптар алды. Елордамыздың бүгінгі мен болашағы туралы қызықты өңгіме үшін Шыңғыс Бектемірұлына алғыстарын білдірді.

Дана Маликайдар,
Юк-4-17 тобының студенті

ӘСЕМДІК - ХАЛЫҚТЫҢ ИДЕАЛЫ

26 қарашасында «Шетел тілі: екі шетел тілі», «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандықтарының 2-курс студенттерімен жүргізілген этнопедагогика сабағында «Әсемдік халықтың идеясы» атты ашық интерактивті дәріс өткізілді.

Дәріс барысында әсемдік – халықтың идеясы, эстетикалық талғам, қолданбалы өнер, әндер, билер және жырлар педагогиканың эстетикалық тәрбиенің негізі бағыттары арқылы көркемдікке баулу мәселелері қаралды.

«Үштілдік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек», - деп Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан 2050» стратегиясында айтып кеткендей,

дәріс сабағы 3 тілді бағытта өткізілді. Студенттер қазақи тәрбиені бойларына сіңіріп, дәрістен көптеген мағлұматтарды игерді. Киіз үйдің құрылысымен танысып, зергерлік бұйымдардың сан түрлі жасалу әдістерін үйренді. Қазақтың ұлттық киімдерінің түрлері таныстырылды. Қазақ халқының жырлары оқылып, ұлттық аспапта, нақтырақ айта кетсек, жетіген мен домбыра аспаптарында халық өндері орындалды. Ұлтымыздың салт-дәстүрлерінен, соның ішінде беташардан үзінді көрсетілді.

Этнопедагогика пәнінің мұғалімі С.М.Омарова жетекшілігімен өткен дәріс әр студенттің ойында қалып, ұлттық болмыс бойларына сіңірілді.

Алия Дукеева,
Назерке Хайрат,
ИЯК 15-02 тобының студенттері



ДЕНЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ВАЛЮТЫ

15 ноября в «День национальной валюты – тенге» актив научного студенческого кружка «Қаржыгер» под руководством старшего преподавателя Д.Е. Сатеновой провел креативную олимпиаду для студентов специальности «Финансы».

С приветственным словом к участникам обратился декан института К.А. Мамаділ, который пожелал студентам финансового благополучия и успехов в учебе.

В интеллектуальном состязании приняли участие три команды: «Тенге», «Лимон зеленых», «Монета». Капитаны команд проявили свои лидерские качества на всех этапах конкурса. Особую подготовку продемонстрировал капитан команды «Тенге» Бағдәулет Қалдарбек, отличившийся эмблемой «Тұмар» в стиле «hand-made» (эмблема скреплена 25 серебряными монетами, символизирующими 25-летие Независимости Казахстана) и подготовкой домашнего задания на тему: «Валюта Казахстана через 100 лет». Денис Овсейчик,

студент I курса, презентовал интересное видение валюты XXII века под названием «Мир без купюр». В «Конкурсе капитанов» отличные результаты и эрудицию показали Сауле Темирбаева (капитан команды «Лимон зеленых») и Алия Исеева – лидер команды «Монета».

Конкурсы оценивал «Комитет по финансовому надзору и контролю» в лице зав. кафедрой Г.Д. Тажбеновой и старших преподавателей кафедры А.Г. Кожаметовой и А.К. Аубакировой. Студенты 4-го курса представляли «Счетный комитет» по подсчету баллов Нурғайша Жумагулова (эксперт-председатель НСК «Қаржыгер») и Жансара Кадырова (вице-президент НСК «Қаржыгер» 2015 года), председатель КДМ кафедры экономических и математических дисциплин.

Праздничное мероприятие сопровождалось песнями в исполнении студенток 3 курса Юлии Овсянниковой и 1 курса Жулдыз Алгапаровой, современными танцами студенток 1-2 курсов - Данияра Толегонова, Армана Акпаева, Инны Ребковец.

При небольшой разнице в балах команда, показавшие не только свои интеллектуальные, но и творческие способности, были награждены дипломами и тортами. Команды: «Тенге» – 1 место, «Лимон зеленых» – 2 место, «Монета» – 3 место.

В традиционном конкурсе стенгазет, посвященном Дню национальной валюты, победили следующие группы: 1 место – группа Ф-16-01, 2 место группа – Ф-15-01, 3 место – группа Фк-16-01.

В финале мероприятия по инициативе председателя НСК «Қаржыгер» Кемеля Алтынбекова и актива клуба – Даны Кинжебаевой, Акежан Нұртазы – были объявлены победители конкурса эссе на тему

«Инвестиционный климат Казахстана: флешбек и флешфорвард», посвященного 25-летию Независимости РК, и награждены следующие студенты: гран-при – Юлия Овсянникова (3 курс), 1 место – Дана Кинжебаева (3 курс), 2 место – Алина Ахметова (3 курс), 3 место – Виктория Малышкина (1 курс).

С подведением итогов и поздравлениями выступила заведующая кафедрой экономических и математических дисциплин Г.Д. Тажбенова. Среди приглашенных гостей олимпиады были проректор по воспитательной работе Я.Н. Оспанова, преподаватели и студенты института.

Мероприятие было проведено в соответствии с программой олимпиады, студенты показали отличное качество подготовки финансистов к будущей профессиональной деятельности.

Дана Кинжебаева,
студент группы Ф-14-01

БІЛІМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ

Еуразия гуманитарлық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3-курс студенттеріне «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәнінен филология ғылымдарының кандидаты, доцент Нұргүл Хамзаханқызы Шадиева және «Б. Алтынсарин» тосбелгісінің иегері, «Назарбаев зияткерлік мектептері» Педагогикалық шеберлік орталығы жанындағы Жаңартылған білім беру бағдарламасының тренері, Астана қаласы №15 мектеп-лицейінің жоғары санатты мұғалімі, әдіскер Әсемова Рауан Сәметқызы бірлесіп отырып, семинар-тренинг өткізді. Сабақ барысында оқытудың көптеген жаңашыл әдістері жөнінде толыққанды мағлұмат беріліп, практика жүзінде көрсетілді. Топтарға бөлініп, интеллектуалдық, шешендік, пәнаралық, проблемалық тапсырмаларды орындадық. Топқа бөлудің бірнеше түрлерін, «ыстық орындық», «автор орындығы», «миға шабуыл» және т.б. көптеген әдістерді үйрете отырып, оқушылармен жұмыс істеудегі тиімділік, кері байланыс жасау тәсілдерін үйретті. Жаңа оқыту әдістерімен танысу барысында ізденімпаз оқушы мен бағыт-бағдар беруші мұғалімнің ролін түсінді. Бұл әдістерді көре отырып, болашақ педагог ретінде көптеген тәжірибе жинадық.

Айым Марат,
ҚТӨ-14-02 тобының студенті

Студенттер ПОЭЗИЯСЫ



БОСТАНДЫҒЫМ

О, Жасаған, бақ-нұрым тамса көктен,
Сенің арқан -
Шерімді шаттығымнан алшақ еткен,
Бақытымның бастауы – Бостандығым!
Қайран қара шалдарым аңсап өткен...

Көз салсам кеспіріне көне күннің,
Қара шықтан жас ыршып көп егілдің
Өксітіп осып-осып өткен жон арқадан
Қара таяқ табы кетпес төре жылдың

Жанарынан даламның мұнды көрдім.
Қабағынан бабамның зілді көрдім.
Сағағына кептелген сырды көрдім.
Ошағының оты өшкен күнді көрдім.
Үркердей ел үрке босып кеткен шақта,
Көмейінде күрсінген жырды көрдім.
Сонда менің бебеулеп тұрды көңілім..

Ақ Таң туып түзеттін, хош, хәліңді!
Бұқара дербестігін патша қылды.
Келместің кемесімен кетті сүңгіп,
Қара күс саңғыған түн аспаныңды...

Белінен бодандықтың өткен ел бұл,
Еркіндікке зарлы жас төккен ел дүр,
Ұрпағының күлім көз қуанышы
Ата-баба қанынан көктеген гүл!..

Тәңірдің тартуы еді ұлы азаттық,
Жанымның ар-туы еді мына азаттық.
Әділдіктің жолында шейіт болған
Боздақтар рухына шыра жактық.
Бөбектің ұйқысының бейбіттігін
Жаратқаннан сұраймын мінежат қып...

Шуағың төк, жарығым, тұтылма аспан!
Мамыр заман, бейнеме бітім қосқан..
Алып таулар тыныштық сақшысындай
Аумасын деп тілеп тұр құтым бастан..

Ислам Әбдірахманов,
ҚТӨ-16-01 тобының студенті

ТАРИХЫМ БАР ТАҢБАЛЫ

Заманда жау көбейіп, дос кеміген,
Жолынан адасаған көш керуен.
Алмас қылыш секілді Алаш жұрты,
Сескенбеген ажалсыз аш бөріден.

Мың қыстық тауқыметтен шыққан аман,
Қаймықпай тас қамалын тік қалаған.
Бабалар қанын төгіп, жанын беріп,
Ұлы жолда қазақтай ұлт қалаған.

Бейбіт күн ер ерлігін ұғынар күн,
Білейік намыс пенен құнын ардың.
Ұлтарактай жеріміз аман қалды,
Ұлан асыр ерлігімен ұлылардың.

Алаштың бағы менен құты бірге,
Бұйырып, айналдық ғой бүтін үнге.
Осы күнге төңірге тәубе деймін,
Түзу шығып келеді түтінім де!

Жомарт Оразов,
ҚТӨ-14-01 тобының студенті



МЫ ЗА ЗДОРОВЫЙ ОБРАЗ ЖИЗНИ!

24-28 октября 2016 года в Евразийском гуманитарном институте состоялась турниры по волейболу, баскетболу и шахматам под девизом «Мы против коррупции. Мы против наркотиков. Мы за здоровый образ жизни!». Спортивное мероприятие было проведено совместно с Департаментом Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции города Астаны и Управлением по борьбе с наркобизнесом ДВД города Астаны.

В упорной борьбе 1-е место завоевала команда волейболистов кафедры государственно-правовых дисциплин; 2-ое место заняла команда кафедры экономических и математических дисциплин; 3-е место было присуждено сборной кафедр педагогики и иностранных языков. Команда кафедры «Казахской и русской филологии» была удостоена диплома «За волю к победе».

В турнире по баскетболу победу одержала команда кафедры иностранных языков, 2-ое и 3-е места заняли соответственно команды кафедр экономических и математических дисциплин и государственно-правовых дисциплин. Дипломом «За волю к победе» была отмечена команда груп-

пы ЮК-14 (кафедра государственно-правовых дисциплин). Лучшими игроками турнира по баскетболу были признаны Евгений Жанбаев (Ф-16-01), Мольдир Саян (ПД-16-02), Еркебұлан Сәлімжан (ПД-16-01).

По итогам турнира по шахматам 1-е место занял Дархан Шынтемир (ПМНОК-15-01), 2 место – Мирас Толлеубаев (ЮКС-14-01), 3 место – Аскар Тулеуатай (ПДС-14-01).

Победители и лучшие игроки турнира были награждены дипломами и ценными призами.

Абылайхан Бирлесов,
руководитель спортивного
отдела КДМ,
студент группы ЮР-4-16



ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ ИГРА «БРЕЙН-РИНГ»



14 октября 2016 года в рамках реализации Плана акции «100 конкретных шагов» во Дворце школьников при поддержке библиотеки Первого Президента состоялась Интеллектуальная игра «Брейн-ринг». Мероприятие было организовано руководителем Департамента государственной службы и противодействию коррупции Р. Тунғышбаевым.

Команда участников Евразийского гуманитарного института (студенты группы ЮК-4-17 Д. Маликайдар, М. Тугубаев, Д. Калкаман, Н. Галымжан и студент группы ЮК-1-17 Ә. Тұрсынбай) под руководством старшего преподавателя кафедры государственно-правовых дисциплин Г.Е. Мусыновой активно приняли участие в интеллектуальной игре.

«Брейн-ринг» проходил в олимпийском формате, когда в результате выбывания в финале остаются две команды из приглашенных восьми. Были заданы вопросы на разные темы, в том числе вопросы на эрудицию в вопросах политики, юриспруденции, языка и истории. Особое внимание было уделено антикоррупционной деятельности, причинам коррупции и мировым антикоррупционным моделям. Нашим студентам удалось пройти отборочный тур, попасть в полуфинал и занять в общем зачете 4-ое место.

Для зрителей и болельщиков во время перерыва была организована интеллектуальная викторина, по итогам которой двое наших студентов – Турар Пшенбаев (ЮК-14-01) и Айнура Боранбаева (ЮК-4-17) – были награждены призами за активное участие.

В финале были подведены итоги соревнования и прошло награждение победителей.

Дарина Анапьянова,
студент группы ЮК-15-01

МЕМЛЕКЕТІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МЕЙРАМДАРҒА АРНАЛҒАН КӨРМЕ

2016 жылғы 28 қарашада Еуразия гуманитарлық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Шет тілі: екі шет тілі» мамандықтарының студенттері Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасының кітапханасында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және ТМД құрылуының 25 жылдығына арналған мерекелік шараға қатысты.

Салтанатты шараға ҚР-дың Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Наушақызы Әбдікалықова және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы директорының міндетін атқарушы Махмұт Базарқұлұлы Қасымбеков, көрнекті саяси және қоғам қайраткерлері, жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

Елбасы кітапханасында мейрам күніне арналған 7 көрме ашылды. Атап айтқанда, «Елбасы жолы», «Тәуелсіз Қазақстан – тұғырлы ел», «Әлем қадірлеген Елбасы», «Н.Ә. Назарбаев – Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы», «Елбасына естелікке қолтаңба», «Егемен елдің тәуелсіздік шежіресі», «Ұлы Дала елі» көрмесі.

Сонымен қатар студенттер Елбасына арналған деректі фильмді тамашалады. Еліміз бен Елбасына қатысты біраз мағлұматтарға қанық болып, тарихқа бір көз жүгіртті.

Мадина Мухитбекова,
Алия Дукеева,
Назерке Хайрат,
ҚТӨ-15-02, ИЯК-15-02
топтарының студенттері



Газета Евразийского
гуманитарного института
«Жас ұрпақ»

Газет тоқсан сайын шығады.
Выходит ежеквартально.

Регистрационное свидетельство
№ 992-Г от 19.12.1999 г.
Выдано Министерством культуры,
информации и общественного
согласия РК.

Редактор: Я. Оспанова
Учредитель: ректорат ЕАГИ
Верстка: А. Заркешева

Тираж: 500 экз.

Адрес:
г. Астана, пр. Жумабаева, 4.
E-mail: eagi@list.ru
www.egi.kz